

"2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет, оның ішінде 2021 жылға мынадай:

- 1) кірістер – 12 405 717 446 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:
салықтық түсімдер бойынша – 6 913 806 526 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 286 899 962 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 3 585 654 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 5 201 425 304 мың теңге;
- 2) шығындар – 14 913 573 621 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 221 035 695 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 389 634 093 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 168 598 398 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 30 773 330 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 30 773 330 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -2 759 665 200 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өніміне қатысты 3,5 пайыз;
- 6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -8 243 730 200 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 10,6 пайызы;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 2 759 665 200 мың теңге көлемінде атқаруға қабылдансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2021 № 873 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қорғаныс, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, Президентінің Іс Басқармасы басым республикалық бюджеттік инвестицияларының тізбесі (қызмет бабында пайдалану үшін);

2-1) осы қаулыға 2-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-2) осы қаулыға 2-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-3) осы қаулыға 2-3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, астана бюджетіне (COVID-19) коронавирусымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлеріне үстемеақылар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-4) осы қаулыға 2-4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және тұрғын үй төлемдеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-5) осы қаулыға 2-5-қосымшаға сәйкес Түркістан облысы бюджетіне су шаруашылығы саласындағы су объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-6) осы қаулыға 2-6-қосымшаға сәйкес Ақмола облысының бюджетіне "Шортанды – Щучинск" учаскесінде "Астана – Щучинск" автомобиль жолының бойында орман екпе ағаштарын отырғызуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

2-7) осы қаулыға 2-7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ішкі істер органдары азаматтық қызметшілерінің қатарындағы медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9-1) осы қаулыға 9-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

9-2) осы қаулыға 9-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялауға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер

көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне еңбек нарығын дамытуға республикалық бюджет қаражаты есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

16-1) осы қаулыға 16-1-қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетіне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден қоныстанғандар үшін тұрғын үйді сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік мектепке дейінгі білім

беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

20-1) осы қаулыға 20-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

20-2) осы қаулыға 20-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру

ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

25-1) осы қаулыға 25-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

29-1) осы қаулыға 29-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне медициналық ұйымның жыныстық

құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне саламатты өмір салтын насихаттауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

39) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

39-1) осы қаулыға 39-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне археологиялық ескерткіштерді сақтауға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

39-2) осы қаулыға 39-2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

41) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

42) осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

43) осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

43-1) осы қаулыға 43-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

44) осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

45) осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

46) осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жұмыс істейтін жастарға

коммуналдық тұрғын үй қорына тұрғын үй сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

46-1) осы қаулыға 46-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу;

47) осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға кредит берудің сомаларын бөлу;

48) осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу;

49) осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру сомаларын бөлу;

49-1) осы қаулыға 49-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен кредит берудің сомаларын бөлу;

49-2) осы қаулыға 49-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру сомаларын бөлу;

50) осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің сомаларын бөлу;

51) осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен берілетін трансферттер түсімдерінің сомаларын бөлу бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.05.2021 № 353 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.10.2021 № 722 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 09.12.2021 № 873 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерді салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттерін облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне аудару үшін 2021 жылға арналған республикалық бюджетте

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының іс-шараларын іске асыруға көзделген қаражаттан 77 500 000 мың теңге мөлшеріндегі сома бөлінсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.05.2021 № 353 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулыға 52-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерді салу және (немесе) реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға арналған нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2021 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген, 2021 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімдердің жобаларын енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2021 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 38) тармақшасында көрсетілген, 2021 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын енгізсін.

6-1. Осы қаулыға 52-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап ететін, іске асырылуы жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. Қаулы 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.05.2021 № 353 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Осы қаулыға 53-қосымшаға сәйкес 2021 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесі бекітілсін.

8. Орталық атқарушы органдар 2021 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 840 қаулысына

Басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.10.2021 № 722 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.11.2021 № 807 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.12.2021 № 873 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2021 № 945 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Функционалдық топ				Атауы	Сомасы, мың теңге		
Әкімші					2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
		Бағдарлама					
			К і ш і бағдарлама				
				Барлығы:	1 266 618 681	300 419 388	147 539 342
				I. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар	329 536 864	142 086 568	96 739 641
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	55 318 376	2 112 7094	1 969 536
	217			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	54 915 963	2 112 7094	1 969 536
		030		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	4 240 278		
			100	Қазынашылық комитетінің ақпараттық жүйелерін дамыту	3 181 978		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	3 181 978		
				Қазынашылықтың ақпараттық жүйелерін жаңғырту мен дамыту	3 181 978		
			102	"Салықтық әкімшілендірудің біріктірілген жүйесі" ақпараттық	669 739		

				жүйесін құру, енгізу және дамыту			
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	669 739		
				Салық әкімшілігі жүйелерін реформалау	669 739		
		103		Мемлекеттік жоспарлау ақпараттық жүйесін дамыту	388 561		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	388 561		
				Мемлекеттік жоспарлау ақпараттық жүйесін дамыту	388 561		
		072		Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	879 976		
			004	Сыртқы қарыздар есебінен	412 678		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	412 678		
				Салық әкімшілігі жүйелерін реформалау	412 678		
			016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру есебінен	467 298		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	467 298		
				Салық әкімшілігі жүйелерін реформалау	467 298		
		205		Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарактандыру	49 795 709	2 1 127 094	1 969 536

			004	Сыртқы қарыздар есебінен	49 795 709	2 1 127 094	1 969 536
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	49 795 709	2 1 127 094	1 969 536
				Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының қазақстандық учаскесінде орналасқан өткізу пункттерін және Қазақстан Республикасы Қ а р ж ы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасын жаңғырту және техникалық қосымша жарақтандыру	49 795 709	2 1 127 094	1 969 536
608				Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	402 413		
	017			Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	402 413		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	402 413		
				"Е-Қызмет" интеграцияланған ақпараттық жүйесін ("Е-Қызмет" жүйесі, ИАЖ) дамыту және жаңғырту	402 413		

2				Қорғаныс	40 835 655	3 2 275 000	21 290 626
	202			Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	40 556 060	3 1 100 000	21 290 626
		006		Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	40 556 060	3 1 100 000	21 290 626
			100	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	40 556 060	3 1 100 000	21 290 626
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Ақмола облысы	18 164 472	6 750 000	1 250 000
				Қызмет бабында пайдалану үшін	18 000 000	6 750 000	1 250 000
				Ақмола облысы Целиноград ауданының Қосшы ауылында геологиялық жағдайлары қалыпты ІІІА және ІВ климаттық кіші аудандары үшін ІІ типті 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы кешенін салу	993		
				Ақмола облысы Бурабай ауданы Бурабай көлінің жағасында суда құтқару станциясының құрылысы	69 922		
				Ақмола облысы Бурабай ауданы Үлкен Шабакты көлінің жағасында	93 557		

				суда құтқару станциясының құрылысы			
				Алматы облысы	9 033 738	1 2 600 000	11 080 000
				Халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы маңындағы Қорғас өзенінде қорғау құрылыстарын " " Қорғас" (Қорғас-1) кедені ғимаратын салу	4 600 000	7 000 000	6 080 000
				Алматы облысы Панфилов ауданында "Қорғас " шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы (ШЫХО) , "Қорғас-Шығыс қақпасы" шекара маңы сауда-экономикал ық аймағы (ШСЭА) , Басқыншы, Қорғас кенттері және шекара маңы бекеті учаскелерінде Қорғас өзені бойынша арна қалыптастыру және қорғау құрылыстары	4 433 738	5 600 000	5 000 000
				Маңғыстау облысы	281 029		
				Ақтау қаласында судан құтқару станциясының құрылысына ЖСК байланыстыру	281 029		
				Солтүстік Қазақстан облысы	50 000		
				Геологиялық жағдайлары калыпты ІВ және ІІА климаттық кіші аудандар			

				үшін жеке жоба бойынша СҚО Қызылжар ауданындағы Пестрое көлінің жағасында жедел-құтқару жасағының кешенін салу	50 000		
				Түркістан облысы	1 520 708		
				Түркістан қаласында Төтенше жағдайлар департаменті және "Өрт сөндіру-құтқару қызметі" мемлекеттік мекемесі үшін әкімшілік ғимаратпен 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру бекетінің құрылысы	1 298 811		
				Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 048-квартал мекенжайында "Сейсмикалық белсенділігі 7 балл ІV А ІV Г климаттық кіші аудандары үшін II типті 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы кешенін салу"	221 897		
				Алматы қаласы	11 506 113	1 175 000	8 960 626
				Ақсай өзенінің бассейнінде селді ұстап тұру бөгетін салу	6 706 113	7 750 000	6 725 266
				Үлкен Алматы өзенінің жоғарғы жағы мен Аюсай	4 800 000	4 000 000	2 235 360

				өзені сағасынан төмен селді ұстап тұру бөгетін салу			
	208			Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	279 595	1 175 000	
		047		Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	279 595	1 175 000	
			104	Қарулы Күштердің объектілерін салу	269 024	1 175 000	
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	269 024	1 175 000	
				Қызмет бабына пайдалану үшін	269 024	1 175 000	
			107	Қарулы Күштердің автоматтандырылғ ан басқару жүйесін күру	10 571		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	10 571		
				Қызмет бабында пайдалану үшін	10 571		
3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	18 487 821	5 912 202	3 364 165
	201			Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 637 642	1 500 000	
		076		Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	5 612 966	1 500 000	
			110	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік объектілерін салу, реконструкциялау	2 472 431	1 500 000	
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Нұр-Сұлтан қаласы	2 472 431	1 500 000	

				Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның 3656 әскери бөлім объектілерін (кешендер) салу және құру (авиациялық база)	2 472 431	1 500 000	
			125	Қазақстан Республикасы Ішкі і с т е р министрлігінің ақпараттық жүйелерін дамыту	3 140 535		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	3 140 535		
				"Жеке басты биометриялық сәйкестендіру" автоматтандырылғ ан ақпараттық жүйесін құруға	3 140 535		
		077		Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	24 676		
			102	Қылмыстық-атқар у жүйесінің объектілерін салу, реконструкциялау	24 676		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Атырау облысы	12 338		
				"ҚР ҰЖ 1500 МТМ (ІVА,ІVГ)- 2.2-2012 геологиялық жағдайлары қалыпты (ІVА,ІVГ) климаттық кіші аудандар үшін " 1500 орынға арналған мамандырылған түзеу мекемесі" үлгілік жобасынан алынған "УГ -157/ 9 мекемесі" жалпы	12 338		

				толтыру лимиті 184 орынды екі тұрғын блогын салу" үлгілік жобасын жергілікті жерге байланыстыру			
				Павлодар облысы	12 338		
				"ҚР ҰЖ 1500 МТМ (ІВ,ІІА)-2.2- 2012 қалыпты геологиялық жағдайлары қалыпты (ІВ,ІІА) климаттық кіші аудандар үшін " 1500 орынға арналған мамандырылған түзеу мекемесі" үгілік жобасынан алынған "АП-162/ 2 мекемесі" жалпы толтыру лимиті 184 орынды екі тұрғын блогын салу" үлгілік жобасын жергілікті жерге байланыстыру	12 338		
221				Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	1 940 832		
		061		Сот сараптамасы объектілерін салу	1 940 832		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Нұр-Сұлтан қаласы	1 940 832		
				Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А431 және №226 көшелерінің (жобалық атаулары) қиылысы маңы, Астана - Қарағанды трассасының солтүстігіне қарай мекенжайы бойынша 150	1 940 832		

				қызметкерге арналған Сот сараптамасы институты ғимараты			
410				Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	5 518 734	4 412 202	3 364 165
	002			Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	5 518 734	4 412 202	3 364 165
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	5 518 734	4 412 202	3 364 165
				Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	5 518 734	4 412 202	3 364 165
501				Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	1 881 070		
	001			Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	1 881 070		
		112		Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	1 881 070		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Жамбыл облысы	589 808		
				"Тараз қаласы Төле би №90 даңғылы, 10 құрамдыққа арналған Жамбыл облыстық сотының әкімшілік ғимаратының құрылысын салу. Түзету"	589 808		
				Қарағанды облысы	858 615		
				"Сәтпаев қалалық соты ғимаратының құрылысы. Түзету" ЖЖ	858 615		

				Түркістан облысы	432 647		
				ОҚО, Арыс қаласы , "Коктем-2" шағын ауданы, 090 учаскесінде орналасқан 2 қабатты Арыс аудандық ғимаратының құрылысы	232 647		
				Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы № 1 әкімшілік ғимаратының құрылысы	200 000		
502				Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	2 363 832		
	001			Қ а з а қ с т а н Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	1 867 182		
		102		Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	1 867 182		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Түркістан облысы	1 867 182		
				Түркістан қаласында Түркістан облысы прокуратурасының қызметтерін орналастыруға арналған әкімшілік ғимаратының құрылысы	1 867 182		
	015			Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	496 650		
		104		"Электрондық іс" ақпараттық жүйесін құру	496 650		

				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	496 650		
				"Электрондық іс" ақпараттық жүйесін құру	496 650		
	681			Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	1 145 711		
		002		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	1 145 711		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	1 145 711		
				Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	1 145 711		
4				Білім беру	899 703		
	201			Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	899 703		
		079		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	899 703		
			105	Білім беру объектілерін салу	899 703		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Солтүстік Қазақстан облысы	899 703		
				Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институтының ғимараттары мен құрылыстарын салу	899 703		
5				Денсаулық сақтау	1		

	226			Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	1		
		053		Арнайы медициналық резервті сақтауды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту	1		
			114	Республикалық бюджет қаражаты есебінен республикалық деңгейдегі денсаулық сақтау объектілерін салу ж ә н е реконструкциялау	1		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Нұр-Сұлтан қаласы	1		
				Қолданыстағы ғимаратты реконструкциялай о т ы р ы п Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық ғылыми онкология орталығын салу (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, құрылыс-монтаж жұмыстары)	1		
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	16 233 122		
	240			Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	15 019 774		
		033		Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру	674 158		

			102	Республикалық бюджет қаражаты есебінен мәдениет объектілерін салу, реконструкциялау	674 158		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Ақмола облысы	47 600		
				Ортағасырлық сәулет стиліндегі ежелгі Бозоқ қалашығының археологиялық қазба жұмыстары негізінде ашық аспан астындағы ұлттық саябақты қоршауға ЖСҚ әзірлеу. "Бозоқ" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК	47 600		
				Түркістан облысы	626 558		
				Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Ордабасы ауылы, "Ордабасы" сапар орталығының құрылысы (түзету)	626 558		
		036		Жоғары жетістіктер спортын дамыту	14 345 616		
			101	Республикалық бюджет қаражаты есебінен спорт объектілерін салу, реконструкциялау	14 345 616		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Алматы облысы	14 345 616		
				Алматы облысында орналасқан олимпиадалық дайындау Республикалық базасы. Түзету	14 345 616		

694			Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	1 213 348		
	015		Щучинск–Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту	1 213 348		
			оның ішінде инвестициялық жобалар:			
			Ақмола облысы	1 213 348		
			Ақмола облысының Бурабай кентінде жаяу жүргіншілер аймағын (Променад) абаттандыра отырып сквер салу	589 320		
			"Бурабай" МҰТП Золотобор орманшылығының кордонының жаңа ғимараттарын салу", Мәдениет кентінде ЖСҚ әзірлеу	4 964		
			"Бурабай" МҰТП Бұланды орман шаруашылығы кордонының жаңа ғимараттарын салу " Макинка кентінде ЖСҚ әзірлеу	4 964		
			"AQBURA" курорттық аймағынан бастап Бурабай көліне дейін Үлкен Шабакты көлінің жағалауымен велосипедтік және жаяу жүргіншілер жолдарының құрылысы ЖСҚ әзірлеу	17 845		
			Бурабай ауылынан Үлкен Шабакты және Текекөл және "Бурабай" МҰТП дейін инженерлік	455 780		

				желілерінің құрылысы. 2-кезең			
				Щучье көлінен Қарасу көліне дейін инженерлік желілер салу	69 000		
				Бурабай кентінен AQBURA курорттық аймағына дейін автомобиль жолын салу	50 799		
				Қотыркөл кентінде "Бурабай" МҰТП Приозерный орманшылығы кордонының жаңа ғимараттарын салу	5 638		
				Щучинск қаласында "Бурабай" МҰТП Ақылбай орманшылығы кордонының жаңа ғимараттарын салу	5 638		
				"Бурабай" МҰТП Боровское орманшылығының "Голубой залив" кордонын салу. Түзету	9 400		
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	26 208 543	8 196 635	8 294 287
	207			Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	26 208 543	8 196 635	8 294 287
		254		Су ресурстарын тиімді басқару	7 672 025	8 196 635	8 294 287
			113	Республикалық бюджет қаражаты есебінен сумен жабдықтау жүйесін, гидротехникалық құрылыстарды	7 672 025		8 294 287

				салу және реконструкциялау	8 196 635		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Ақмола облысы	3 123 764		
				Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласының сумен жабдықтау объектілеріне дейін Кішкентай кен орнының су таратқыш және су бөгеттері құрылыстарын салу	668 095		
				Ақмола облысында Нұра топтық су құбырын қайта жаңартуы	308 927		
				Астана қаласының қорғаныш бөгетін бұрма каналы бар апаттық су ағызғыш орната отырып реконструкциялау	1 606 160		
				"Ақмола облысының Есіл өзенінде Есіл контрреттегішін салу" ЖСҚ әзірлеу	530 582		
				"Астана су қоймасын толықтыруға арналған құрылыстар салу" ЖСҚ әзірлеу	10 000		
				Ақтөбе облысы	39 200		
				Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының Жаныс би және Шеңбертал ауылдарында топтық су құбырлары желілерін салу	39 200		

				Алматы облысы	174 039	200 000	1 000 000
				Алматы облысының Қарасай ауданындағы Қаскелең топталған сутартқышының құрылысы. Құрылыстың 1-ші кезегі (2-қосылу кешені). Түзету		100 000	500 000
				Алматы облысының Қарасай ауданындағы Қаскелең топталған сутартқышының құрылысы. Құрылыстың 1-ші кезегі (3-қосылу кешені). Түзету		100 000	500 000
				"Алматы облысының Қарасай ауданындағы Қаскелең топталған сутартқышының құрылысы. 1-ші кезегі (2 және 3-қосылу кешені) және құрылыстың 2-ші кезегі" ЖСҚ әзірлеу. Түзету	174 039		
				Жамбыл облысы	400		
				"Жамбыл облысының Жуалы ауданында Теріс-Ащыбұлақ су қоймасын реконструкциялау" ЖСҚ әзірлеу	200		
				"Жамбыл облысының Қордай ауданында Қарақоңыз су қоймасын реконструкциялау" ЖСҚ әзірлеу	200		

				Қарағанды облысы	56 230		
				"Қарағанды облысының Жезқазған қаласын сумен қамтамасыз ете отырып, Ескұла су құбырын салу" (№ 2 түзету)	56 230		
				Қызылорда облысы	1 579 952	1 600 000	3 233 287
				"Қызылорда облысының Шиелі ауданында "Тақыркөл" бас су алғышынан №3 с о р ғ ы станциясына дейін магистральды су өткізгішінің екінші желісін салу" ЖЖ	50 000	500 000	457 819
				"Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының Қосаман-Ақбастыға қосу тармағын салу және Қызылорда облысы Арал ауданының Ақбасты елді мекенін сумен жабдықтау" ЖЖ	300 000	500 000	1 050 000
				"Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы "Тақыркөл" бас су алғышынан №1 с о р ғ ы станциясына дейін магистральды су өткізгішінің екінші желісін салу құрылысы" ЖЖ		100 000	675 468
				Қызылорда облысы Қызылорда гидроторабын реконструкциялау. I кезек	1 121 151		

				"Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының Арал-Тоқабай-Абай қосу тармақтарын салу және Қызылорда облысы Арал ауданының Тоқабай, Абай елді мекендерін сумен жабдықтау" ЖЖ	97 700	500 000	1 050 000
				"Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру" ЖСҚ әзірлеу	10 747		
				"Қызылорда облысында Қараөзек тармағында су жинақтауға арналған су қоймасын салу" ЖСҚ әзірлеу	354		
				Маңғыстау облысы		195 678	
				РМК "Казсушар" Маңғыстау филиалының "Қазба-Ақшымырау-Қызан" топты су жүйелерінің Ақшымырау және Қызан елді мекендеріндегі су жүйелерін қайта құру құрылыстың 2-кезеңі (Ақшымырау және Қызан елді мекендерінің арасындағы екінші су құбырының құрылысы) ЖЖ		195 678	
				Солтүстік Қазақстан облысы	2 198 610	6 200 957	4 061 000
				Солтүстік Қазақстан облысында Преснов топтық су	600 689		

				құбырын қайта жаңарту (І-кезек). Түзету			
				Көкшетау топтық су құбырын реконструкциялау, құрылыстың үшінші кезегі. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мен Шал ақын ауданының төртінші көтеру с о р ғы станциясынан жетінші көтеру с о р ғы станциясына дейінгі учаске (бірінші кезең)	400 000	1 451 359	1 000 000
				"Булаев топтық су құбырын қайта жаңарту және СҚО Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерге (АЕМ) су тартқыштар мен бұруларды салу, 4-кезек" ЖЖ		1 000 000	1 000 000
				"Солтүстік Қазақстан обл., Шал ақын ауданы, Мерген а., Куприяновка а., Крещенка., Белоградовка., Городецкое а., Кривошеково а., Алкагаш а., Ровное а., Ақанбарақ а., Коноваловка а., Көктерек а., бойынша Есіл топтық су құбырына қосылған ауылдық елді мекендердің құбырларын, бұрғыштарын қайта жаңарту" ЖЖ		1 011 372	400 000

				"Солтүстік Қазақстан облысында Есіл топтық су құбырына қосылған ауылдық елді мекендердің су тартқыштарын, бұрғыштарын және тарату желілерін қайта жаңарту" ЖЖ		738 226	400 000
				Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаево топтық су құбырының авариялық учаскелерін реконструкциялау	50 000		
				Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл су құбырының авариялық учаскелерін реконструкциялау	1 050 000		
				Соколов топтық су құбырын реконструкциялау және қосылған ауылдық елді мекендердің таратушы желілерін салу. 2-ші кезек	97 921	2 000 000	1 261 000
				Түркістан облысы	499 830		
				Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданының суару жүйесінің бірінші кезектегі магистралды арналарын қалпына келтіру ж ә н е реконструкциялау	228 095		
				ОҚО Қазығұрт ауданында Келес су ару алқабындағы Р-3	256 735		

				тарату каналын реконструкциялау			
				"Түркістан облысы Сырдария өзеніндегі Көксарай контрреттегіш бөгетінің тұрақтылығын арттыруды қайта күру" ЖСҚ әзірлеу	15 000		
		268		Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру	18 536 518		
			004	Сыртқы қарыздар есебінен	5 560 955		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	5 560 955		
				Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру	5 560 955		
			016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	12 975 563		
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	12 975 563		
				Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру	12 975 563		
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 040 000		
	249			Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымды қ даму министрлігі	1 040 000		
		024		Ш е к а р а бөлімшелерін жобалау және салу	1 040 000		

				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	1 040 000		
				Ақтөбе облысы бойынша " Байтурасай" және "Жайсаң" шекара бөлімшелерін салу	104 000		
				Қостанай облысы бойынша " Ұзынағаш", " Кенерал", "Қайрақ ", "Бірлік" шекара бөлімшелерін салу	208 000		
				Павлодар облысы бойынша "Арлан" және "Шарбақты" ш е к а р а бөлімшелерін салу	104 000		
				Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ШҚ департаментінің " Қызыл ту", " Келтесай", "Баян батыр атындағы", "Ақкөл", " Жаңажол", " Жамбыл", "Ашікен ", "Қарақұдық", " Аралағаш", " Қасқат", "Есіл", " Талсай" шекара бөлімшелерін жобалау және салу	624 000		
12				Көлік және коммуникация	132 024 111	4 8 400 732	61 821 027
	223			Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	14 190 836	3 5 855 974	58 082 236
		009		"KazSat-2R" ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға беру	62 900	1 5 000 000	13 000 000
			030	Республикалық бюджет қаражаты есебінен	62 900	1 5 000 000	13 000 000

				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	62 900	1 500 000	13 000 000
				"KazSat-2R" ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға беру	62 900	1 500 000	13 000 000
	011			Ұшқышсыз ғарыш аппараттарын ұшыру үшін орта сыныптағы ғарыштық мақсаттағы жаңа буын зымыранының базасында "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін құру	14 127 936	2 085 5974	45 082 236
		030		Республикалық бюджет қаражаты есебінен	14 127 936	2 085 5974	45 082 236
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	14 127 936	2 085 5974	45 082 236
				Ұшқышсыз ғарыш аппараттарын ұшыру үшін орта сыныптағы ғарыштық мақсаттағы жаңа б у ы н зымыранының базасында "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін құру	14 127 936	2 085 5974	45 082 236
249				Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	117 833 275	1 254 4758	3 738 791
	003			Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту	117 103 837	1 254 4758	3 738 791
		004		Сыртқы қарыздар есебінен	60 300 714	7 200 000	

				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	60 300 714	7 200 000	
				"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізін қайта жаңарту ж ә н е жобалау-іздігіру жұмыстары	4 325 000		
				Республикалық маңызы бар " Ұзынағаш - Отар" автомобиль жолын қайта жаңарту	8 055 000	1 700 000	
				"Астана - Қарағанды - Балқаш - Күрті - Қапшағай - Алматы" автомобиль жолының " Орталық - Оңтүстік" дәлізін реконструкциялау "Күрті - Бурылбайтал" учаскесі	5 170 000		
				"Астана - Қарағанды - Балқаш - Күрті - Қапшағай - Алматы" автомобиль жолының " Орталық - Оңтүстік" дәлізін реконструкциялау "Балқаш - Бурылбайтал" учаскесі	31 450 000	5 500 000	
				Республикалық маңызы бар "РФ шекарасы (Орск қаласына) - Ақтөбе - Атырау - РФ шекарасы (Астрахань қаласына)"	11 300 714		

				автомобиль жолының " " Қандыағаш - Мақат" учаскесін қайта жаңарту			
		005		Ішкі көздер есебінен	47 003 837	544 758	3 738 791
				оның ішінде инвестициялық жобалар:			
				Өзгелер	47 003 837	544 758	3 738 791
				Орталық-Шығыс " " Астана - Павлодар - Қалбатау - Өскемен" дәлізін реконструкциялау ж ә н е жобалау-іздігіру жұмыстары	2 040 892		
